КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 27 наурыз іс №7119-25-00-2/2460 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Т.Бертыбаева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«NAS24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын және сомманы өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «NAS24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын және сомманы өндіру талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «NAS24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Жауапкер «NAS24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2 967 (екі мың тоғыз жүз алпыс жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 89 (сексен тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «NAS24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 158 700 (жүз елу сегіз мың жеті жүз) теңге сомманы және 4 761 (төрт мың жеті жүз алпыс бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «NAS24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.05.2025, судья Жетибаев Ж. К., 15.05.2025

7119-25-3-1/2078